

Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 наурыздағы № 261 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 628 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 628 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 34 бұйрығын қараңыз.

«Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 38-б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
С. Ахметов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 19 наурыздағы
№ 261 қаулысымен
бекітілген

Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 38-б) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) отынның орташа тәуліктік жұмсалуды – осы өңір үшін сыртқы ауаның ең аз есептік температурасы және жылу электр станциясының жабдықтарын барынша жүктеу жағдайларында энергия өндіруші ұйым электр және/немесе жылу энергиясын өндіру үшін тәулік ішінде тұтынатын отынның мөлшерлі жұмсалуды;

2) пайдаланылатын отын қорының нормасы (бұдан әрі – норма) – энергия өндіруші ұйымдар пайдаланатын отын қорының тәуліктік есептегі ең аз мөлшері.

2. Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау тәртібі

3. Нормалар жылу электр станциялары мен қазандықтар бойынша айқындалады (бұдан әрі – энергия өндіруші ұйым).

4. Нормаларды айқындау кезінде:

1) отынның орташа тәуліктік жұмсалуды;

2) жеткізілетін отынның энергия көзінен тиелу орнына дейінгі ара қашықтық есепке алынады.

5. Белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары энергия өндіруші ұйым жыл сайын тиісті жылдың 1 маусымына дейін электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органға өзінің меншікті жабдықтар құрамы үшін сыртқы ауаның ең аз есептік температурасы жағдайында отынның орташа тәуліктік жұмсалуды және энергия көзінен бастап жеткізілетін отынды тиеу орнына дейінгі қашықтықты келісу үшін ұсынады.

6. Белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат төмен энергия өндіруші ұйым жыл сайын тиісті жылдың 1 маусымына дейін жергілікті атқарушы органға өзінің меншікті жабдығының құрамы үшін сыртқы ауаның ең аз есептік температурасы жағдайында отынның орташа тәуліктік жұмсалуды және энергия көзінен бастап жеткізілетін отынды тиеу орнына дейінгі қашықтықты келісу үшін ұсынады.

7. Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган жыл сайын тиісті жылдың 1 тамызына дейін белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары энергия өндіруші әрбір ұйым үшін отынның орташа тәуліктік жұмсалуды мен

энергия көзінен бастап жеткізілетін отынды тиеу орнына дейінгі қашықтықты к е л і с е д і .

7-1. Энергия өндіруші ұйымдағы отынның орташа тәуліктік шығысы мынадай формулаларға сәйкес есептеледі:

$$B = B^{TЭ} + B^{ЭЭ}, \quad [\text{тонна}],$$

м ұ н д а ғ ы :

B – энергия өндіруші ұйымдағы отынның орташа тәуліктік шығысы;

$B^{жЭ}$ – жылу энергиясын өндіруге арналған отынның орташа тәуліктік шығысы ;

$B^{ЭЭ}$ – электр энергиясын өндіруге арналған отынның орташа тәуліктік шығысы .

Жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын отынның орташа тәуліктік шығысының мөлшерін айқындау.

$$B^{жЭ} = B^{жЭ}_{\text{шарт}} / Э, \quad [\text{тонна}];$$

м ұ н д а ғ ы :

$B^{жЭ}_{\text{шарт}}$ – жылу энергиясын өндіруге арналған шартты отынның орташа тәуліктік шығысы [шартты отынның тоннасы];

$Э$ – отынның жылу шығару қабілетінің шартты отынға қатынасына тең к а л о р и я л ы к о э ф ф и ц и е н т і :

$$Э = Q^P_T / 7000,$$

м ұ н д а ғ ы :

Q^P_T – отынның төменгі жылу шығару қабілеті, [килокалория/килограмм];

7000 – шартты отынның төменгі жылу шығару қабілеті, [килокалория/ки л о г р а м м] .

$$B^{жЭ}_{\text{шарт}} = Q_{\text{тәу}} * b_T * 10^{-3}, \quad [\text{шартты отынның тоннасы}],$$

м ұ н д а ғ ы :

$Q_{\text{тәу}}$ – тәулігіне алынатын жылу энергиясының мөлшері [гигакалория];

b_0 – шартты отынның жылу энергиясын жіберудегі үлес шығысы, [килограмм / г и г а к а л о р и я] .

$$Q_{\text{тәу}} = Q * t,$$

м ұ н д а ғ ы :

$Q_{\text{тәу}}$ – тәулігіне алынатын жылу энергиясының мөлшері [гигакалория];

Q – белгіленген жылу қуатын пайдалану коэффициентін ескере отырып есептелген жылу қуаты [гигакалория /сағат];

t – тәуліктегі сағат саны [сағат];

$$Q = Q_{\text{белг}} * K_o, \quad [\text{гигакалория /сағат}], \quad \text{мұндағы:}$$

$Q_{\text{белг}}$ – станцияның белгіленген жылу қуаты, [гигакалория /сағат];

K_o – белгіленген жылу қуатын пайдалану коэффициенті;

$$K_o = Q_{\text{өнд}} / (Q_{\text{белг}} * n) \quad \text{мұндағы:}$$

$Q_{\text{өнд}}$ – жыл бойы өндірілген жылу энергиясының мөлшері [гигакалория];

n - өткен жылдағы күнтізбелік сағат саны.

Тәулігіне электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шартты отын мөлшерін а й қ ы н д а у :

$$B^{\text{ээ}} = B^{\text{ээ}}_{\text{шарт}} / \text{Э}, \quad [\text{тонна}],$$

м ұ н д а ғ ы :

$B^{\text{ээ}}_{\text{шарт}}$ — электр энергиясын өндіруге арналған шартты отынның орташа тәуліктік шығысы, [шартты отынның тоннасы];

Э – отынның жылу шығару қабілетінің шартты отынға қатынасына тең к а л о р и я л ы қ к о э ф ф и ц и е н т і :

$$\text{Э} = Q^p_{\text{т}} / 7000, \quad [\text{килокалория/килограмм}].$$

м ұ н д а ғ ы :

$Q^p_{\text{т}}$ – отынның төменгі жылу шығару қабілеті, [килокалория/килограмм];

7000 – шартты отынның төменгі жылу шығару қабілеті, [килокалория/ки л о г р а м м] .

$$B^{\text{ээ}}_{\text{шарт}} = \text{Э}_{\text{тәу}} * b_{\text{э}} * 10^{-3}, \quad [\text{шартты отынның тоннасы}],$$

м ұ н д а ғ ы :

$\text{Э}_{\text{тәу}}$ – тәулігіне алынған электр энергиясының мөлшері [мың киловатт*сағат];

$b_{\text{э}}$ – шартты отынның электр энергиясын жіберудегі үлес шығысы, [грамм/ки л о в а т т * с а ғ а т] ;

$$\text{Э}_{\text{тәу}} = N * t, \quad \text{мұндағы:}$$

N – белгіленген электр қуатын пайдалану коэффициентін ескере отырып есептелген электр қуаты [мегаватт];

$t_{\text{тәу}}$ – тәуліктегі сағат саны, сағат;

$$N = N_{\text{белг}} * K_{\text{э}}, \quad [\text{мегаватт}], \quad \text{мұндағы:}$$

$N_{\text{белг}}$ – станцияның белгіленген электр қуаты, [мегаватт];

$K_{\text{э}}$ – белгіленген электр қуатын пайдалану коэффициенті;

$$K_{\text{э}} = \text{Э}_{\text{өнд}} / (N_{\text{белг}} * n), \quad \text{мұндағы:}$$

$E_{\text{өнд}}$ – өткен жылы өндірілген электр энергиясының мөлшері [мың киловатт*
с а ғ а т] ;

n - өткен жылдағы күнтізбелік сағат саны.

**Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.10.2013 №
1143 қ а у л ы с ы м е н .**

8. Жергілікті атқарушы орган жыл сайын тиісті жылдың 1 тамызына дейін белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат төмен энергия өндіруші әрбір ұйым үшін отынның орташа тәуліктік жұмсалуды мен энергия көздерінен бастап жеткізілетін отынды тиеу орнына дейінгі қашықтықты бекітеді.

9. Келісілген отынның орташа тәуліктік жұмсалуды мен отынды тиеу (өндіру) ауданынан бастап энергия өндіретін ұйым орналасқан жерге дейінгі қашықтық негізінде норма айқындалады.

10. Норма отынды жеткізу, отынды жеткізуде пайда болған шектеу себептерін жою үшін қажетті ең ұзақ мерзімді ескере отырып, шектеу кезінде күндер санымен, сондай-ақ жеткізілетін отынды тиеу ауданынан энергия өндіруші ұйым орналасқан жерге дейін теміржол көлігімен жеткізудің қалыптасқан уақытынан айқындалған температуралық кестенің және/немесе жоспарлы электр жүктемесінің сақталуын қамтамасыз етеді.